

8. Спирова, Л.Ф. Особенности речевого развития учащихся с нарушениями речи / Л.Ф. Спирова. - М.: Просвещение, 2013. – 163 с.

9. Гютюева, И. А. Особенности связной речи у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 2. – С. 91–95. – URL: <http://ekoncept.ru/2016/46019.htm>.

10. Филичева, Т.Б., Чиркина, Г.В. Устранение общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста: практ. пособие / Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина. – 5-е изд. - М.: Айрис-пресс, 2008. – 224 с. - (Библиотека логопедапрактика). [Электронный ресурс] / Электронная библиотека. – URL: <https://studfiles.net/preview/1846533/>

УДК 376.37
МРНТИ 14.29.29

Қ.У. Шайжанова¹, М.А. Жайлыш²

¹п.с.з.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, karlahanym.70@gmail.com

²курс магистранты zhailysh.marfuga@gmail.com

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада логопедияның өзекті мәселесі қарастырылады: сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлемнің синтаксистік құрылымын қалыптастыру мәселесі. Жоғарыда айтылғандай, сөйлеу тілі жалпы дамымауы бар балаларда ауызша сөйлеу бұзылыстарының құрылымында сөйлемдерінің синтаксистік құрылымының қалыптаспауы жиі кездеседі. Сөйлемдегі синтаксистік құрылымын бұзылуын түзету немесе қалыптастыру бойынша заманауи тәсілдер сөйлеу бұзылыстарын жеңудегі жалпы түзету жұмыстарының бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы; мектеп жасына дейінгі балалар; сөйлемнің синтаксистік құрылымы; түзету; заманауи тәсілдер; логопедиялық жұмыс.

Шайжанова Қ.У.¹, Жайлыш М.А.²

¹к.п.с.н., доцент КазНПУ им. Абая, karlahanym.70@gmail.com

²магистрант 2 курса zhailysh.marfuga@gmail.com

ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ СТРУКТУРЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются актуальные темы логопедии как: проблемы формирования синтаксической структуры в предложениях у дошкольников с общим недоразвитием речи. Как отмечалось выше, у детей с общим недоразвитием речи нередко в структуре нарушений устной речи не формируется синтаксическая структура предложений. По этому современные подходы по коррекции или формированию нарушений синтаксической структуры в предложении являются частью общей коррекционной работы по преодолению речевых нарушений.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи; дошкольники; синтаксическая структура предложения; коррекция; современные подходы; логопедическая работа.

Shaizhanova K.U.¹, Zhailysh M.A.²

¹candidate of psychological sciences, associate professor KazNPU named after Abai,
karlahanym.70@gmail.com

²2nd year master's student zhailysh.marfuga@gmail.com

THE BASICS OF THE FORMATION OF THE STRUCTURE OF THE SENTENCE IN PRESCHOOL CHILDREN WITH GENERAL UNDERDEVELOPMENT OF SPEECH

Abstract

The article discusses the actual problem of speech therapy: the problem of the formation of the syntactic structure of a sentence in preschool children with general underdeveloped speech. As mentioned above, in children with general underdevelopment of speech, there is often a lack of formation of the syntactic structure of their sentences in the structure of oral speech disorders. Modern approaches to the correction or formation of violations of the syntactic structure in a sentence are part of the general corrective work in overcoming speech disorders.

Keywords: general underdevelopment of speech; preschool children; syntactic structure of the sentence; correction; modern approaches; speech therapy work.

Кіріспе.

Елімізде соңғы бес жылда жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша мектепке дейінгі балалар арасында сөйлеу тілі бұзылған балалар санының артқанын байқаймыз. Ең ауыр және жиі кездесетін сөйлеу ақауларының бірі – сөйлемнің синтаксистік құрылымының қалыптаспауы. Бұл сөйлеу дамуының бұзылысы сауатты және көп уақыт керек ететін, тұрақты жүргізілген түзету жұмыстарын қажет етеді. Қазіргі логопедияның маңызды міндеттерінің бірі сөйлеудің жалпы дамуына жетудің тиімді әдістерін жасау болып табылады. Бұл сөйлеу патологиясы күрделі симптомдық кешен болып табылады, оның ішінде сөйлеудің синтаксистік және лексика-грамматикалық құрылымының бұзылуы үлкен орын алады (Р.Е. Левина, Л.Ф. Спирина, Т.Б. Филичева, Т.Д. Барменкова, В.К. Воробьева, В.П. Глухов, И.С. Кривовяз және т.б.). Бұл мақалада сөйлеу тілі жалпы дамуға мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлемнің синтаксистік құрылымын қалыптастыру әдістемелерінің тиімділігін анықтау деп белгіледік. Алдымен, сөйлеу тілі жалпы дамуға балаларға анықтама берейік. А.Н. Гвоздев баланың сөйлеуінде әр түрлі сөйлемдердің, грамматикалық категориялардың қалыптасу процестерін, ана тілінің фонетикасын игеруді, мектеп жасына дейінгі балаларды тіл құбылыстарынан байқауды қарастырады. Автордың сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастырудың белгіленген кезеңдері балаларда тілдің қарым-қатынас пен ойлау мақсаттарына қызмет ететін жүйе ретінде қалай дамитынын анықтайды. [1] Сөйлеу тілі жалпы дамуға мектепке дейінгі балаларда синтаксистік құрылымының қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін зерттеуге және сөздердің буындық құрылымын түзетуге байланысты мәселелер жеткілікті зерттелмеген. Осы бұзушылықты түзету үшін логопедиялық жұмыстың жаңа бағыттары мен әдістерін іздеп, қарастырып, салыстыру қажет. Зерттеудің мақсаты – сөйлеу тілі жалпы дамуға мектепке дейінгі балалардағы сөйлемнің синтаксистік құрылымын қалыптастырудың және түзетудің ерекшеліктерін зерттеу және түзету жұмыстарының замауи әдіс тәсілдерінің ерекшеліктерін анықтау болып табылады [2]. Осы тақырып төңірегінде көптеген зерттеу жұмыстарын қарастырдық. Логопедиядағы сөйлеу бұзылыстарының психологиялық-педагогикалық жіктелу принциптеріне сәйкес, Р.Е. Левинадан кейін, біз барлық тілдік құрылымдардың қалыптаспауы байқалатын сөйлеу тілі жалпы дамуға балалар тобын бөліп көрсетеміз. Сөйлеу біртұтас функционалды жүйе болғандықтан - оның барлық компоненттері бірге зардап шегеді және бұзылады. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің жалпы дамуының әртүрлі және жиі кездесетін көріністерінің арасында сөйлемнің синтаксистік құрылымының қалыптаспауы байқалады. Бұл балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау кезінде еркін ойын жеткізуге үлкен кедергісін тигізеді. [3] Сөйлеу тілінің жалпы дамуы бар балалардың сөйлемнің синтаксистік құрылымын зерттеу мәселесі Е.Ф. Соботович, Р.Е. Левина секілді ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Р.Е. Левинаның зерттеулері бойынша, сөздің буындық құрамын игеру қабілеті дифференциалды белгі ретінде

ерекшеленуі мүмкін, бұл сөйлеу бұзылыстарының табиғатын тануға мүмкіндік береді. Шашкина Г.Р. ЖСТД балалардың сөйлеу ерекшеліктерінің бірі пассивті және белсенді лексика көлемінің сәйкес келмеуі екенін ескере отырып, балалар көптеген сөздердің мағынасын түсінеді, олардың пассивті лексикасының көлемі жеткілікті, бірақ сөйлеуде сөздерді қолдану өте қиын деген қорытындыға келеді. Етістікте сөздікте күнделікті тұрмыстық әрекеттерді білдіретін сөздер басым. А.Н. Гвоздев пікірінше логопедияда "жалпы ауызша қарым-қатынас құралдарының болмауы" ретінде сипатталатын сөйлеу дамуының бірінші деңгейін "бір сөзден тұратын сөйлем" деп атады. Сол автордың еңбектерінде тығыз өзара әрекеттесуді-морфологиялық және синтаксистік жүйені - тілді ескере отырып, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастырудың келесі кезеңдері ерекшеленеді :

1 кезең - аморфты сөздерден тұратын сөйлемдер кезеңі-түбірлер . Бұл кезең 2 кезеңнен тұрады:

- бір сөзден тұратын сөйлем кезеңі,
- бірнеше сөзден тұратын сөйлемдер кезеңі.

ЖСТД бар балаларда сөйлемнің синтаксистік құрылымының қалыптасуының бұзылуы да байқалады. Енді ЖСТД бар балалардың классификациясын қарастырсақ. Бұл жайында өз еңбектерінде Е.Ф. Соботович ЖСТД бар балалардың 2 тобын ажыратады. 1-ші топтағы балаларда сөйлемнің терең мағыналық құрылымы салыстырмалы түрде сақталып, тілдің морфологиялық жүйесінің бұзылуы басым. Бұл топтың балалары өрескел морфологиялық аграмматизмдерге қарамастан, барлығы 2-3 сөзден тұратын сөйлемдердің құрылымын дұрыс айтады, сөздер арасындағы мағыналық байланыстарды, сөз тәртібін дұрыс айтады. Мысалы: Ана еі жуаы (Анам етті жуады). Бұл сөйлемдерде балалар 3 семантикалық компоненттің құрылымын жаңғыртады: Бастауыш-толықтауыш-баяндауыш.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, сөйлем құрылымында сөз тәртібі сақталғанымен, сөздердің арасында морфологиялық қатынас құралы жоқ. Сонымен, ЖСТД тобындағы балаларда тілдердің морфологиялық және синтаксистік жүйесінің дамуы арасында бұзылыс байқалады.

2-ші топта тілдің морфологиялық жүйесінің ғана емес, сөйлемнің синтаксистік құрылымының да бұзылуы байқалады.

Сөйлемнің синтаксистік құрылымының бұзылуы көбінесе сөйлем мүшелерінің түсіп қалуында, әдеттен тыс сөз тәртібінде көрінеді, ол сөйлемдер қайталанғанда да көрінеді: Орманда көптеген жинады (Балалар көптеген саңырауқұлақтарды жинады); Сүт төгілді (Ыдыстан сүт төгілді).

Т.Б. Филичева айтуы бойынша еңбегінде ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалармен жай сөйлемнің синтаксистік құрылымын қалыптастыру бойынша жұмыс мыналарға бағытталуы керек деп көрсетті:

- баланың әлеуметтік байланыстар жүйесінде (қарым-қатынас, ойын, сұрау) қарапайым жалпы сөйлемді мағыналы қолдануы;

- баланың өз ойын білдіру, өз іс-әрекетіне түсінік беру үшін жай сөйлемді мағыналы қолдануы. Отандық ғалымдардың бірі Қ.Қ. Өмірбекова өз еңбектерінде мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар қазақ тілді балаларға тән бірнеше ерекшеліктерді анықтады. Олар сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің бұзылысы және Ң, Қ, Ұ, Ү дыбыстарын алмастыру, шатастыруының жиі кездесуі. Теориялық дереккөздерді талдау сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар сөздің буындық құрылымының айтылуын өз бетінше игере алмайтындығын көрсетеді. Барлық авторлар бұл ақаулықтың тұрақтылығын, оны жеңудің төмен динамикасын атап өтеді. Сөйлеуді үйрену барысында сөздің буындық құрылымын игеру олар үшін ерекше қиындық тудыратыны және логопед-мұғалімнің ерекше назарын қажет ететіні анықталды. [4]

Зерттеу әдістері мен материалдары:

III деңгейдегі жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің дамуын эксперименттік жолмен зерттеу қажет. Бұл экспериментте мектеп жасына дейінгі III деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеуінде синтаксистік құрылымды қалыптастыруда логопедиялық жұмыстарды қолдану және логопедиялық жұмыстың маңыздылығы сипатталады. Зерттеу жұмысы 6 айға созылды. Тәжірибе бойынша жалпы сөйлеу тілінің дамымауының 3 деңгейі бар мектеп жасына дейінгі 30 бала экспериментке алынды. Балалардың синтаксистік құрылымын тексеруге арналған әдістеме 3 кезеңнен тұрады. Балалардың етістік мағынасының түсінуі, жай сөйлем, күрделі сөйлем. Тексеру әр баламен жеке қарым -қатынас жасау арқылы, олардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алдық.

Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дамуын тексеру тәсілдерін таңдау кезінде В.П. Глуховтың ауызша сөйлеу тілін диагностикалаудың әдістемесі қолданылды.

2. Жеке әрекеттер бойынша сөйлем құрастыру.

Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын анықтау.

Зерттеу жүргізу үшін әрекеттер бейнеленген 15 сурет керек. Зерттеу жеке жүргізілді. Әр суретті көрсету кезінде балаға сұрақ қойылды: "Кім? Не істеп жатыр? деген. [5]

1-кесте. Сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын анықтау

Бағалау талабы	Анықтау әдістемесінің нәтижесі:
Жоғары деңгей -10 баллдан жоғары Ұсынылған суреттің мазмұнына сәйкес келетін грамматикалық, синтаксистік құрылымы жағынан дұрыс, күрделі сөйлемдер үшін	2 бала
Орташа деңгей – 5-10 балл Қажетті сөзді іздеумен ұзақ үзіліс, мұғалім көмегіне жүгіну.	4 бала
Төмен деңгей – 0-5 балл Сөздерді байланыстыра алмау, тек зат есімдерді атау.	24 бала

ЖСТД бар балаларға жүргізілген анықтау эксперименті барысында балаларға мектеп жасына дейінгі балаларға сай мазмұны жағынан түсінікті көрнекі және ауызша материалдар жүргізілді. ЖСТД бар балаларға өткізілген анықтау экспериментінің нәтижелерін жоғарыдағы критерийлерге сүйеніп, балаларды 3 деңгейге бөліп, қарастырдық. Деңгейлерден бөлек анықтау экспериментінде қолданылған әдістеме бойынша етістіктердің қиын, оңай екендігі байқалып, ЖСТД бар балалардың өзіне сай ерекшелігі анықталды. Нәтижесінде ЖСТД бар анықтау экспериментіне қатысқан оқушылардың көп бөлігі сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы қалыптаспаған, төмен деңгейде екендігін көрсетті.

1. Әрекетті суреттер. Бұл альбом лексикалық және синтаксистік бұзылысын түзетуге арналған дидактикалық материал. Балаларды қарапайым құрылысқа жаттықтыру екі жақты тіркес (субъект және оның әрекеті) және сөйлеуде қолдану ретінде қарастырған. Бұл жұмыс үшін бала бұрын үйренген алты ойыншықтың аттары алынады: мысық, аю, әтеш, қоян, торай, қуыршақ. Бұл кезеңде сөздердің дыбысын анық айту соншалықты маңызды емес. Қажетті олардың қайталануы, қолданылуы, көмектесетін әртүрлі жағдайларды түсіну, нақтылау, кеңейту және сөздік қорын жетілдіру. Біртіндеп оның дыбыстық - буындық құрылымын жетілдіру. Сөз тіркесі бойынша жұмыстың бұл кезеңінде, жеті ең түсінікті бала және білдіретін жиі қолданылатын етістіктер келесі әрекеттер: жүру, жүгіру, отыру, ұйықтайды, мінеді, жүзеді, ұшады. Әрбір етістік алдымен көрсетілген алты ойыншықпен жаттығады: Қыз келді, Аю келеді, Торай келеді, Қоян келді, мысық келеді. Логопед немесе ересек адам: «аю келе жатыр» дейді және сұқ саусағымен сызбаны көрсетеді, ол айтылады.

Сөз тіркестерінің айтылуы ғана емес, түсінігі де қалыптасады. Барлық суреттер аталса, ересек адам «Аю келе жатыр. Қай жерді көрсетесің?». Балаға көрсету қиын болса, ересек адам аталған суретті саусағымен көрсету арқылы көмектеседі. Нұсқау бойынша «Аю келе жатыр. Суретті жабу керек» бала оған (өзі немесе ересек адамның көмегімен) затты (шеңбер немесе қызыл шаршы) қояды. Барлық суреттер жабылған кезде нұсқаулар өзгереді: «Аю келді. Суретті ашады». Баланың өзі немесе ересек адамның көмегімен барлық суреттерді бір-бірден ашады. Біріншіден, бұл тапсырмалардың барлығы парақта берілген тәртіппен орындалады: солдан оңға, жоғарыдан төменге. Біртіндеп суреттерді табу, жабу және ашу реті өзгереді. Бала үлкендердің нұсқауларын тыңдауы, түсінуі керек.

Балалардың материалды меңгеруін жеңілдету үшін ересектердің сөйлеуіне белгілі бір талаптар қойылады:

- сөйлеу қарқыны жылдам болмауы керек, сөйлегенде асықпау керек;
- сөйлеу толық болуы керек, яғни екпінді дауыстыларға екпін беріп, оларды біршама ұзартып дауысты дыбыстарды анық айту;
- нұсқаулар анық, қысқа, балаларға түсінікті болуы керек;
- сөз тіркесіндегі сөздер бірге, үзіліссіз, яғни бір демде айтылуы керек;

• балаға үндеу мен көрсетілген әрекетті орындау арасында үзілістерді сақтау қажет. Барлық балалар нұсқауларды бірден түсінбейді, оны түсіну үшін уақыт қажет, содан кейін ғана тиісті әрекетті орындайды.

2. Байланыс белгілері арқылы жай сөйлем құрау әдістемесі. Бұл альбом синтаксистік бұзылысын түзетуге арналған дидактикалық материал. Балаларды екі сөзден тұратын жай сөйлемді сөйлеуде қалыптастырады. Бұл үшін баланың сөздік қорында бар 40 зат есім сөздер және 5 қарапайым естістіктер қолданылған. Бұл материалда сөздердің дыбысын анық айту маңызды емес. Олардың айтылуы, қолданылуы, түсіну, және сөздік қорын көбейту. Сөйлеудің синтаксистік құрылымын қалыптастыруда бұл әдістеменің 5 ең түсінікті, жиі қолданылатын етістіктер келесі әрекеттер: жүрді, отырды, тұрды, ұйықтайды, ұшты. Әрбір етістік өздеріне тән он сөзбен айтылып сөйлеудің синтаксистік құрылымын қалыптастырады. Сұқ саусақпен суреттерді көрсетіп отырып айту керек. Сол кезде бала көрсетілген барлық он зат есіміндегі сөздерді бір етістік түрімен байланыстырып, алғашқы сөйлеуіндегі синтаксистік құрылымын қалыптастырады. Жалпы алғанда бек түрлі етістіктен бұл әдіс арқала елу жай сөйлем құрап үйреніп, сөйлеуде синтаксистік құрылымын қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау.

Алғаш сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымының деңгейін анықтау үшін біз В.П. Глуховтың ауызша сөйлеу тілін диагностикалаудың әдістемесін таңдап алып, өткіздік. Бұл әдістеменің ЖСТД бар 30 оқушы қатыстырылды. Балаларды екі топқа бөлдік. 15 балаға Әрекетті суреттер әдістемесін қолдандық. 15 балаға Байланыс белгілері арқылы жай сөйлем құрау әдістемесін қолдандық. Нәтиже төмендегі кестеде берілген.

2-кесте. Сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын анықтау нәтижесі

Бағалау талабы:	Анықтау әдістемесінің нәтижесі:	Қалыптастыру әдістемелерінен кейінгі нәтиже:
Жоғары деңгей	2 бала	14 бала
Орташа деңгей	4 бала	12 бала
Төмен деңгей	24 бала	4 бала

3-кесте. Әдістер туралы анықтама

Әдістер:	Әрекетті суреттер	Байланыс белгілері арқылы жай сөйлем құрау әдістемесі
Артықшылығы	Бірнеше сабақтардан кейін балаларда суретке қарап бірден сөздерді байланыстырып құрай алатындығы, тұрмыстық жағдайда үйренген етістіктерін қиындықсыз қолданғандары байқалды.	Балаларда сөздік қорларының толыққандылығымен, дамуымен қуантты. Байланыс белгілері арқылы сөйлемнің барлық мүшесін тастамай сұқ саусақтарымен көрсете отырып, сөйлеудің синтаксистік құрылымын оңай тез қалыптастырды.
Кемшілігі	Балалар әртүрлі етістіктерді үйренгенмен тек мысық, аю, әтеш, қоян, торай, қуыршақ сөздерімен сөздік қорларын шектеді. Бұл әдістемені қолданған балалардың сөздік қорының дамуы байқалмады. Алғашқы сабақтарда сөйлем мүшелерін толық айта алмай, сөйлем мүшелерінің бірін тастап кетіп, орындарын шатастырып, балаларға қиындық туғызды.	Балалардың байланыс белгілерінсіз сөйлем құрауында қиындықтар болатындығы анықталды.
Ортақ нәтиже	ЖСТД бар мектеп жасына дейінгі балалардың барлығында сөйлеудің синтаксистік құрылымы қалыптасты.	

Менде ЖСТД бар мектеп жасына дейінгі балалардан екі әдістеменің өз ерекшеліктеріне байланысты осындай нәтижелер шықты. Дегенменде ЖСТД бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымының қалыптасуына О.Никалаевна ‘Диалекттік сөйлеу’ әдістемесін қолданған. Ол әдістеде баланың сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын қалыптастыру үшін сұрақ қойып, сұраққа толық жауап беру тапсырмаларын орындаған. Нәтижесінде балалардың қарым –қатынас жасауы жақсарып, сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы қалыптасқан. Ол әдістеменің кемшілігі тапсырмаларының аздығында және сөздік қорының жеткіліксіздігінде болды. Ал біздің зерттеуімізде екі әдістемені қатысқан балаларда да сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы қалыптасы. Екінші әдістеде балалардың сөздік қорының дамуы байқалды.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесінде екі әдістеменің де сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын қалыптастыруда оң нәтиже көрсеткендігін байқадық. Сол себепті логопед мамандар мектеп жасына дейінгі ЖСТД бар балалардың сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын қалыптастыруда екі әдістемені де қолдануды ұсынамын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Филичева, Т.Б., Кашие, Г.А. Дидактический материал по исправлению недостатков речи. - М., 1989 г.*
2. *Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. – М., 2007 г.*
3. *Соботович, Е.Ф. Речевое недоразвитие у детей и пути его коррекции : Дети с нарушением интеллекта и моторной алалией: учебное пособие / Е.Ф. Соботович. – М.: Классикс Стиль, 2003. - 160 с.*
4. *Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. – Алматы, 2015. – 201 б.*
5. *Глухов В.И. Особенности связной монологической речи детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи. – Л., 1987 г.*
6. *Коростелева Е.Ю. Современные технологические проблемы обучения педагогов подготовке дошкольников и младших школьников к развитию речи // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. №2. – С. 128-133.*
7. *Коростелева Е.Ю. Содержательный аспект обучения учеников применению «Технологии подготовки дошкольников и младших школьников к развитию речи» // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2011. №4. С. 155-160.*
8. *Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Психолого-педагогические основы коррекции общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста // Дефектология. 1985. №4. – С. 72-78.*
9. *Инишкова, О.Б. Альбом для логопеда. – М., 1998.*
10. *Бессонова, Т.П., Грибова, О.Е. Дидактический материал по обследованию речи детей. - М., 2004.*
11. *Арушанова, А.Г. Формирование грамматического строя речи. - М., 2005. - 296 с.*